

Бекітемін

Директор Мисир Г.К. Шакенова

« 09 » сәуір 2024ж.



**Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-  
колледж» кешені КММ «Біздің әлем» театр  
үйірмесінің 2024-2025 оқу жылына арналған  
жұмыс жоспары**

Ақтөбе қаласы

Бекітемін  
Директор Шот Г.К.Шакенова  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024ж.

«Біздің әлем» театр үйірмесінің жұмыс кестесі

| Апта күндері | Уақыты                                                                       |
|--------------|------------------------------------------------------------------------------|
| Дүйсенбі     | <b>18:00-20:00</b><br>18:00-19:00 – кіші топ<br>19:00-20:00 – ересектер тобы |
| Сәрсенбі     | <b>17:00-19:00</b><br>17:00-18:00 – кіші топ<br>18:00-19:00 – ересектер тобы |
| Бейсенбі     | <b>17:00-19:00</b><br>17:00-18:00 – кіші топ<br>18:00-19:00 – ересектер тобы |

Бекітемін  
Директор  Г.К.Шакенова

« 9 » 09 2024 ж.

Келісілген

Тәрбие ісі жөніндегі  
директордың орынбасары:  В.С.Габитова

« 9 » 09 2024 ж.

2024-2025 оқу жылына арналған  
«Біздің әлем» театр үйірмесінің  
жұмыс жоспары

Жетекшісі: Утурмакова Нарқыз Аскаровна

Ақтөбе қаласы

## Түсінік хат

Театр – тәрбие бесігі. Көрнекті жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» деп баға беруі де тегін болмаса керек. Мәдениет пен руханият әлемін театрсыз елестету әсте мүмкін емес.

Театр өз табиғаты бойынша бала ойынына жақын, сондықтанда саналған дағдылардың дамуының ен нәтижелі тәсілдерінің бірі ұсынылады. Бұдан басқа бейнемен жұмыс жасауда, бала адамның әрекет ырғақтарын түсінуді, қылықтармен оқиғалардың өзара әрекеттірінің зерттеу - себептерін үйренеді, орындаушы кейіпкердің позициясына тұру дағдысын үйрену, ал бұл дегеніміз басқа адамды бөтеннің әсерлендіргіш жағдайын, бөтеннің қайғысын және қуанышын сезіне білу. Театрлық өнергежаттығу баланың қоршаған дүниеге және өзіне деген гармония сезімінің фантазиясын, шығармашылық елестетуді, сезім ырғағын, әсерлендіргіш сананы, назарын дамытады, өзінің әсерлендіргіш жағдайын, сөйлеуін, дауысын, денесін шынықтыруды игеруге үйретеді. Қойылымның ұйымдарында және дайындық процессіне қажет ететін, таза тәжірибелік білу және дағдылар және оны тәрбиелеу. Өзінің жұмысының және ұжымның жұмыстарының нәтижелеріне жауапты қатынас.

Театр, өз ерекшеліктерінің күшіне, салмақты эмоционалдық психологиялық өзара әрекеттерін тек ұжымдық қатысушыларға ғана емес, бірақ қойылымға келген көрермендерге де көрсетеді.

Театрлық үйірме сабақтарында қатысушылардың іскерліктері, білімдері және дағдылары кеңейеді. Сахнадағы әр кейіпкердің мінез-құлық ерекшеліктері, ұсынылған мән-жайлар айтылады, рөлдер бөлінеді, идеялар аныкталады. Музыкалық сүйемелдеу, сахналық әсерлер, костюмдер, сәндіктер талқыланады. Бұл жұмысқа театр өнері үйірмесінің қатысушыларының өздері тартылады.

## «Біздің әлем» театр үйірмесінің мақсаты

Оқушыларды актерлік шеберлікке, шығармашылыққа, өнерге тәрбиелеу, жеке және топпен ұжымдасқан түрде жұмыс жасауға дағдыландыру

### Міндеттері:

- Оқушылардың өнерге қызығушылығын арттырып, актерлік шеберлікке баулу
- Креативті және сыни ойлауын дамыту
- Өз-өзін бақылау, реттеу және жеке жұмыс жасауға машықтандыру
- Физикалық белсенділіктерін арттыру
- Балалар мен жасөспірімдерді көркемдік эстетикалық, шығармашылық, моральдік-этикалық нормаларды қалыптастыру, өнерге баулу
- Балаларға актерлық шеберліктің негіздерін меңгерту, жеке тұлғаның таным талғамын арттыру.
- Сахна мәдениетін өн бойына қалыптастыру
- Үйірмеге қатысушыларға өнерге деген құштарлығын арттыру
- Шығармашылық ой-өрісті қалыптастыру және дамыту

## Театр үйірмесінде оқушылардан күтілетін нәтиже

### Біледі:

1. Театр деген не?
  2. Театр басқа өнер түрлерінен несімен ерекшеленеді
  3. Театр неден пайда болды?
- Театрдың қандай түрлері бар? (Қуыршақ, драмалық, опера, балет, музыкалық комедиялар, халықтық)
4. Театр қойылымдарын (спектакльдерді) кімдер жасайды?

### Түсінігі болады

1. Сахнаның негізгі техникалық құралдары жөнінде
2. Сахнаның безендірілуі жөнінде
3. Сахна мен көрермен залында өзін – өзі ұстау ережелі туралы

### Үйренеді:

1. Өзінің өмірдегі құбылыстарға қатынасын сахнада көрсетуді
2. Бейнелі ойлауды
3. Назарын аудара білуді
4. Өзін сахна кеңістігінде сезінуді

### Таланттарын үстемелейді:

1. Кейіпкермен (сыныптастармен) сөйлесу
2. Қарапайым актер шеберлігі
3. Қоршаған әлемді бейнелі қабылдау
4. Ұжыммен жұмыс

## Театр үйірмесін жүргізудің әдістемелік ерекшеліктері

Балаларға қосмыша білім беру-білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту үрдісі, үздіксіз білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі. Балаларға қосмыша білім беру жүйесі салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл, дарынды баларды анықтау, оларға қолдау көрсету және қабілеттіліктерін дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағытталған.

Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені КММ-де театр үйірмесінің жұмысын жоспарлау барысында балалардың жас және психофизикалық ерекшелігін ескеру аса қажет. Жас шамасына қарай қойылатын талапты ескере отырып, балалардың ересектер тобы- 9-11 сынып, орта буын – 5-8 сынып, бастауыш топқа - 3-4 сынып оқушыларын топтауға болады.

Әр топ аптасына 2 рет үйірме сабағы ұйымдастырылады. Әр жарты жылдықта үйірмеде сахна мәнері, актерлік шеберлік, арнайы бағдарламалық іс-әрекет бағытында жұмыс жүргізіледі. Оқу жылының әр жарты жылдығында бір қойылым сахналастыру жұмысы жүргізіледі.

**«Біздің әлем» атты театр үйірмесінің  
күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

Апта күндері    Уақыты  
Дүйсенбі       18:00-20:00  
Сәрсенбі        17:00-19:00  
Бейсенбі        17:00-19:00

| №                    | Тақырыбы                                                                                  | Өткізілетін уақыты                     |
|----------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|
| <b>I жартыжылдық</b> |                                                                                           |                                        |
| 1                    | Кіріспе сабақ. Оқушылардың өткен білімдерін пысықтау. Жаңа оқу жылының жоспарымен танысу. | 02.09.2024<br>04.09.2024<br>05.09.2024 |
| 2                    | Түрлі ертегілерді талдай отырып, қойылымға ертегі таңдау                                  | 09.09.2024<br>11.09.2024<br>12.09.2024 |
| 3                    | Ертегінің сценарийімен танысу                                                             | 16.09.2024<br>18.09.2024<br>19.09.2024 |
| 4                    | Ертегідегі рөлдермен танысу, олардың мимикаларын, қылықтарын ажырату                      | 23.09.2024<br>25.09.2024<br>26.09.2024 |
| 5                    | Рөлдерді бөлу                                                                             | 30.09.2024<br>02.10.2024               |

|    |                                                                                                                                    |                                        |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|
|    |                                                                                                                                    | 03.10.2024                             |
| 6  | Бөлінген рөлдер бойынша түсіндірме жұмыстары                                                                                       | 07.10.2024<br>09.10.2024<br>10.10.2024 |
| 7  | Бөлінген рөлдердің ерекшеліктерімен танысу, ойнау шеберліктерін арттыру әдістерін қарастыру                                        | 14.10.2024<br>16.10.2024<br>17.10.2024 |
| 8  | Ертегідегі рөлдерді жаттау, әр кейіпкердің мінез-құлқын жете ажыратып ойнауға жаттығу                                              | 21.10.2024<br>23.10.2024<br>24.10.2024 |
| 9  | Ертегідегі рөлдерді ойнап жаттығу. Өз креативті идеяларымен бөлісу.                                                                | 04.11.2024<br>06.11.2024<br>07.11.2024 |
| 10 | Қойылымға қоятын ертегінің кейіпкерлерінің сыртқы келбетін құрастыру                                                               | 11.11.2024<br>13.11.2024<br>14.11.2024 |
| 11 | Бөлінген рөлдер бойынша әр кейіпкердің сыртқы келбетіндегі жеке ерекшеліктеріне байланысты костюм таңдау                           | 18.11.2024<br>20.11.2024<br>21.11.2024 |
| 12 | Бөлінген рөлдер бойынша костюмдер әзірлеу                                                                                          | 25.11.2024<br>27.11.2024<br>28.11.2024 |
| 13 | Ертегіні әзірленген костюмдарды киіп ойнап жаттығу. Кейіпкерлердің гримына назар аудару. Түзетулер мен креативті өзгерістер енгізу | 02.12.2024<br>04.12.2024<br>05.12.2024 |

|                        |                                                                                                                             |                                        |
|------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|
| 14                     | Ертегі бойынша сахнаны безендіруге қатысты идеяларды талқылау                                                               | 9.12.2024<br>11.12.2024<br>12.12.2024  |
| 15                     | Ертегіні ойнап жаттығу. Дайын костюмдер мен гриммен қойылымның репетицияларына қатысу                                       | 18.12.2024<br>19.12.2024               |
| 16                     | Сахнаны безендіру жұмыстарына ат салысу. Қорытынды дайындықтарға қатысу. Ертегіні мектеп акт залында сахналау. Қойылым қою. | 23.12.2024<br>25.12.2024<br>26.12.2024 |
| <b>III жартыжылдық</b> |                                                                                                                             |                                        |
| 17                     | Екінші жарты жылдық жоспармен танысу. Бірінші жартыжылдықтағы білім және тәжірибелерді пысықтау.                            | 09.01.2024                             |
| 18                     | Театр жанрларын талдай саралай отырып, қойылым қоюға арналған идеяларды талқылау                                            | 13.01.2025<br>15.01.2025<br>16.01.2025 |
| 19                     | Таңдалған қойылымның сюжетімен танысу                                                                                       | 20.01.2024<br>22.01.2025<br>23.01.2025 |
| 20                     | Қойылымың сценарийін жасақтау                                                                                               | 27.01.2025<br>29.01.2025<br>30.01.2025 |
| 21                     | Жасақталған сценарий негізінде кейіпкерлермен танысу                                                                        | 03.02.2025<br>05.02.2025<br>06.02.2025 |
| 22                     | Рөлдерді бөлу                                                                                                               | 10.02.2025<br>12.02.2025               |

|    |                                                                                                  |                                        |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|
|    |                                                                                                  | 13.02.2025                             |
| 23 | Дайындық жұмыстарын жүргізу. Рөлдердің мимикалары мен кейіпкердің сыртқы ерекшеліктерімен танысу | 17.02.2025<br>19.02.2025<br>20.02.2025 |
| 24 | Бөлінген кейіпкерлердің ішкі сезімдері мен эмоцияларын ажырату                                   | 24.02.2025<br>26.02.2025<br>27.02.2025 |
| 25 | Қойылымды ойнап жаттығу. Өз жеке идеяларымен бөлісу                                              | 03.03.2025<br>05.03.2025<br>06.03.2025 |
| 26 | Ұсынылған идеяларды талдай отырып сценарийге өзгертулер енгізу                                   | 10.03.2025<br>12.03.2025<br>13.03.2025 |
| 27 | Қойылымға арналған сахнаны даярлау жұмыстары. Оқушылардың креативті идеяларын таңдау             | 17.03.2025<br>19.03.2025<br>20.03.2025 |
| 28 | Сахнаны безендіруге арналған құралдарды таңдау. Реквизиттерді дайындау                           | 02.04.2025<br>03.04.2025               |
| 29 | Кейіпкерлердің костюмдерін дайындау                                                              | 07.04.2025<br>09.04.2025<br>10.04.2025 |
| 30 | Әр кейіпкердің гримдеу ерекшеліктерін саралап, даярлау                                           | 14.04.2025<br>16.04.2025<br>17.04.2025 |
| 31 | Дайын реквизиттермен қойлымның пысықтау дайындықтарын жүргізу                                    | 21.04.2025                             |

|    |                                                                       |                                        |
|----|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|
|    |                                                                       | 23.04.2025<br>24.04.2025               |
| 32 | Афиша жариялау. Шақыру билеттерін дайындау                            | 28.04.2025<br>30.04.2025               |
| 33 | Қойылымның соңғы дайындығы                                            | 05.05.2025                             |
| 34 | Мектеп сахнасында қойылымды көрермен назарына ұсыну                   | 12.05.2025<br>14.05.2025<br>15.05.2025 |
| 35 | Келіп түскен ұсыныстар мен пікірлерді үйірме мүшелерімен бірге талдау | 19.05.2025<br>21.05.2025<br>22.05.2025 |
| 36 | Жыл бойы жасалған жұмыстардың қорытындысын жасау                      | 26.05.2025<br>28.05.2025               |

**«Біздің әлем» театр үйірмесінің мүшелерінің тізімі**

| <b>№</b> | <b>Аты - жөні</b>   | <b>Сыныбы</b> |
|----------|---------------------|---------------|
| 1        | Талғат Інжу         | 4а            |
| 2        | Әлібек Айша         | 4б            |
| 3        | Дүйісова Алиназ     | 4б            |
| 4        | Тұрақбай Сабина     | 5 ә           |
| 5        | Қайырлы Бекасыл     | 5ә            |
| 6        | Салыкова Айша       | 5б            |
| 7        | Ауез Сенім          | 6а            |
| 8        | Мұханбетжан Бекжан  | 6а            |
| 9        | Садуақасов Мақсат   | 8а            |
| 10       | Сатыбалды Аянат     | 8ә            |
| 11       | Мақсатқызы Жеңісгүл | 8ә            |
| 12       | Амансин Руслан      | 8б            |
| 13       | Сапарғалиев Ильдар  | 8б            |
| 14       | Төреғали Нұрислам   | 9б            |
| 15       | Спан Нұрдәулет      | 202           |
| 16       | Аманкос Феруза      | 102           |
| 17       | Жакупова Мархаббат  | 102           |
| 18       | Мажитова Айшабиби   | 101           |
| 19       | Абылқайыр Әсия      | 203           |

**Үйірме жетекшісі: Утурмакова Н.А.**

### **Анықтама**

2024 жылы желтоқсан айының 18-ші жұлдызында «Біздің әлем» театр үйірмесінің жас өнерпаздары жоспарға байланысты «Көңілді шарлар» атты қойылымын өткізді. Бұл шарада үйірме қатысушылары белсенді қатысып, өздерінің актерлық шеберліктерін көрсетті. Үш кезеңнен тұратын бұл қойылымда: үйірме жетекшісі Нарқыз Асқарқызы үш оқушымен өз өнерлерін көрсетті. Қатысушылар шармен түрлі қимылдар жасады. Екінші кезеңде Төреәғли Нұрислам 9 «А» және Салықова Айша 5 «Б» класс оқушылары «Тентек бала мен мейірімді қыз» қойылымында көрермендерге мейірімділік туралы жеткізе білді. Ал қойылымның соңында кішкентай көрермендермен «Көңілді шарлар» ойынымен жалғасты. Өнерпаздар белсенді, көңілді ойнап, келген көрермендерге өте қызықты болды.

Театр жетекшісі: Утурмакова Н.А.





### Анықтама

Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені КММ «Біздің әлем» театр үйірмесі өз жұмысын жалғастыруда. 2025 жылдың 28 ақпанында театрдың жас актёрлері мектептің кіші қызметкерлері «1 наурыз-Алғыс айту күнімен» құттықтап ақ тілектерін, рахметін өздерінің қолдарымен әшекейлеп дайындаған тәттілерді сыйға тартты. Тосын сый, құрметке үлкендер риза болып рахметін, ризашылығын білдірді. Оқушылар өздері де қуанып, мерекеден жақсы әсер алды. Бұл шара оқушыларды адамгершілікке, сыйластыққа, ізеттілікке тәрбиелейді.

«Біздің әлем» театр үйірмесі жетекшісі: Утурмакова Н.А.



1 наурыз - Алғыс айту күніне  
сыйлықтарды безендіру үстінде...



## Анықтама

2024 жылдың 26 желтоқсан күні Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп- интернат- колледж» кешенінде жаңа жылдық мерекеге орай «Біздің әлем» театры өз өнерлерін көрсетті.

**Көріністің мақсаты мен міндеті:** «Біздің әлем» театрының Жаңа жылдық көрінісі – театр үйірмесінің мүшелері үшін шығармашылық қабілеттерін көрсету және жаңа жыл мерекесін бірге тойлау мақсатында ұйымдастырылған өнер шарасы. Көрініс оқушылардың сахнада өздерін еркін ұстауын, топпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, сонымен қатар жаңа жылдық көңіл-күйді қалыптастыруға бағытталды.

**Көріністің тақырыбы мен ерекшеліктері:** Жаңа жылдық көрініс театр үйірмесінің оқушыларының қатысуымен дайындалған түрлі сиқырлы, көңілді және мейірімді оқиғалардан құралды. Бұл көрініс дәстүрлі жаңа жылдық мерекелердің атмосферасын көрсетуге, балалардың жаңа жылға деген қуанышы мен үмітін бейнелеуге негізделген. Көріністе әртүрлі кейіпкерлер мен сиқырлы оқиғалар сипатталып, Жаңа жылдық ертегілердің негізінде сценарий жасалды.

**Көрініс барысында орын алған оқиғалар:**

- **Сиқырлы оқиғалар:** Көріністе балалар сиқыршылар мен жақсы ертегі кейіпкерлерімен кездесіп, олармен бірге түрлі қиындықтарды жеңіп, Жаңа жылға дайындық жасап, мейірімділік пен достықтың маңыздылығын түсінеді.
- **Таңғажайып тұлғалар:** Санта-Клаус, қар ханшайымы, ертегідегі жануарлар мен сиқыршылар балаларға жаңа жылдық сыйлықтар мен қуаныш сыйлайды.
- **Қуаныш пен мереке:** Көрініс барысында оқушылар жаңа жылдық көңіл-күймен билеп, ән салып, көрермендерге мерекелік көңіл сыйлады.

**Қорытынды:**

Жаңа жылдық көрініс «Біздің әлем» театрының үйірмесі үшін үлкен шығармашылық жетістік болды. Оқушылар өздерінің актерлік шеберліктерін көрсетіп, сахнада өздерін сенімді ұстап, жаңа жылдық ертегілердің сиқырлы әлеміне енді. Бұл шара оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сахнада өздерін көрсетуге және топпен жұмыс істеуге үлкен ықпал етті. Көрініс өте сәтті өтті, қатысушылар мен көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

**Үйірме жетекшісі:** Утурмакова Н.А.



1 наурыз - Алғыс айту күніне  
оқушылардың кіші қызметкерлерді  
құттықтауы



## Анықтама

Ақтөбе облыстық арнайы мектеп- интернат- колледж кешенінде «Біздің әлем» театрының дайындық кезеңдері өткізіледі. Дайындық кезеңдері мен міндеттері.

**Театр үйірмесінің мақсаты мен міндеті:** «Біздің әлем» театрының үйірмесі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сахнада өз-өзін сенімді көрсету, актерлік шеберлікті меңгеру және театр өнерінің түрлі аспектілерін зерттеу мақсатында ұйымдастырылған. Үйірме жұмысы театр әлеміне тереңірек бойлау, көркем сөз өнерін игеру және сценалық жұмыстарды орындау арқылы оқушылардың жалпы мәдениетін арттыруға бағытталған.

**Дайындық кезеңі:** Дайындық кезеңі театр үйірмесінің шығармашылық жұмысына баса назар аударылып, оқушылардың актерлік шеберлігін дамытуға ерекше көңіл бөлінді.

### 1. Рөлдерді бөлу және дайындықтың басталуы:

Үйірме мүшелерімен кездесу барысында алдын ала рөлдер бөлініп, қойылымның сценарийі таныстырылды. Әрбір оқушының актерлік мүмкіндіктеріне сәйкес рөлдер мен тапсырмалар тағайындалды. Рөлдер бойынша жұмыс басталғаннан кейін актерлер өз рөлдерін тереңірек зерттеп, бейнелерін ашуға кірісті.

**2. Сахналық қозғалыстар мен мәнерлілік:** Дайындық кезеңінде актерлік шеберлік жаттығулары мен сахналық қозғалыстарға басымдық берілді. Оқушылар сахнадағы еркін қозғалыс пен сөйлеу мәнерін дамытуға арналған түрлі жаттығулар жасады. Актерлік қабілеттерін шыңдау мақсатында актерлермен жеке және топтық жаттығулар жүргізілді, сөйлеу техникасы мен дыбыстық құралдарды қолдану үйретілді.

**3. Психологиялық дайындық:** Оқушыларды рөлдеріне психологиялық тұрғыдан дайындау жұмыстары да маңызды орын алды. Актерлер өз рөлдеріне еніп, кейіпкерлерінің сезімдері мен эмоцияларын түсініп, оларды сахнада шынайы көрсете білу үшін түрлі әдістемелер қолданылды. Бұл оқушылардың өздерін еркін сезініп, сахнада сенімді болуына көмектесті.

**4. Режиссерлік жұмыс:** Үйірме жетекшісі режиссерлік тұрғыдан қойылымға бағыт беріп, актерлердің сценалық әрекеттерін үйлестірді. Қойылымның әрбір эпизоды мұқият дайындалды, сахналық іс-әрекеттердің логикасы мен эмоциялық толқыныс реттелді. Әрбір актердің рөлі мен қозғалыс бағыты нақты жоспарланып, сахнадағы көріністер үйлесімді болды.

**5. Сахналық репетициялар:** Дайындықтың соңғы кезеңінде толық репетициялар жүргізілді. Әрбір сахналық көрініс жеке-жеке қойылып, шеберлік пен үйлесімділікпен жұмыс жасалды. Репетициялар барысында актерлер өз рөлдерін тереңірек түсініп, олардың бейнелері мен әрекеттері толыққанды орындалды.

**Қорытынды:** Дайындық кезеңі театр үйірмесінің жұмысы үшін маңызды кезең болды. Осы уақыт ішінде оқушылар актерлік шеберліктерін шыңдап, сахнаға дайын болды. Алдағы уақытта қойылымның сахналық көрсетіліміне дайындық аяқталып, көрермендерге ұсынылатын болады.

Үйірме жетекшісі: Г. Мамакова Н.А.



**"Біздің әлем"**  
**театр үйірмесінің дайындық жұмысы**

## Анықтама

2025 жылдың 20 наурыз күні Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп- интернат- колледж» кешенінде жаңа жылдық мерекеге орай «Біздің әлем» театры өз өнерлерін көрсетті

**Мақсаты мен міндеті:** «Біздің әлем» театрының үйірмесі Наурыз мерекесін атап өту мақсатында арнайы өнер көрсету ұйымдастырды. Бұл шара арқылы үйірме мүшелері ұлттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде Наурыздың мән-мағынасы мен дәстүрлерін ұрпаққа жеткізуді, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашып көрсетуге тырысты.

**Өнер көрсету кезеңі:** Наурыз мерекесіне арналған көрініс барысында оқушылар ұлттық салт-дәстүрлерді бейнелейтін сахналық көріністер мен ойындарды көрсетті.

1. **Наурыздың мәні:** Көрініс оқушылардың Наурыз мерекесінің тарихы мен маңыздылығын түсініп, оны сахнада көрсетуді мақсат етті. Мерекенің ұлттық элементтері мен дәстүрлері, әсіресе ұлыстың ұлы күні туралы баяндалды.
2. **Қазақтың дәстүрлі ойындары мен биі:** Наурыз мерекесінде қазақтың ұлттық ойындары, әндері мен билері орындалды. Әсіресе, «Көкпар», «Арқан тартыс» сияқты ойындар сахнада көрсетіліп, балалардың ұлттық ойындарға деген қызығушылығы артты.
3. **Салт-дәстүрлерді көрсету:** Көрініс барысында ұлттық тағамдар мен салт-дәстүрлер, мысалы, наурыз көже дайындау, наурыз мерекесінің алғашқы қадамы ретінде жасалатын іс-шаралар бейнеленді.
4. **Қуаныш пен татулық:** Көрініс соңында оқушылар Наурыз мерекесінің басты құндылықтары – татулық, достық, қуаныш, бірлік туралы ән айтып, көрермендермен бөлісті.

### Қорытынды:

Наурыз мерекесіне арналған өнер көрсету өте сәтті өтті. Бұл шара оқушылардың шығармашылық қабілеттерін көрсетуге, ұлттық мәдениетімізді насихаттауға және қоғамдастықпен байланыс орнатуға мүмкіндік берді. Оқушылар сахнада өздерінің актерлік шеберліктерін шыңдап, ұлттық дәстүрлер мен салттарды көрсетті. Көрініс үйірме мүшелерінің өнерін бағалаған көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Үйірме жетекшісі: Ғұтұрмакова Н.А.





"Біздің әлем" театрының "Толқын мед" орталығын  
құттықтауы



## Анықтама

2025 жылдың 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай "Біздің әлем" театрының жас актёрлері "Толқын мед" орталығының қызметкерлерін" Алғыс күнімен" шын жүректен құттықтап алғыстарын білдірді. Тосын сый, құрметке орталық қызметкерлері риза болып өнерлерің өрге жүрсін, бақытты болыңдар деп рахметін, ризашылығын білдірді.

Үйірме жетекшісі: Утурмакова Н.А.